

«Ерейментау ауданы Білім
бөлімі» ММ басшысына:
М.А.Адихановқа

**«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ:
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ
Қазан айында өткізілге іс-шаралар ақпараты. 2025-2026 жж**

01.10.25 Ұстаздар күніне орай ұстаздарға арналған құттықтаулар мен сый құрметтер көрсетілді. «Алғыс айту ағашы» Әр сынып өз құттықтауларын, жылы лебіздерін білдірді. Үлгі тұтар ұстаздары туралы өз ойларын айтып, ашық микрофонда бөлісті.



Ұстаздар күніен арналған құттықтау күні. /ашық есік/ Дублер күнін өткізілді. Оқушылар өзін-өзі басқару жұмысын жүргізді. Оқушыларды тәртіпке, өз жұмыстарын басқара білуге үйрету мақсатында. Әр бала армандаған мамандықтарының бір күн болса да иесі болып көрді. Ұстаздар келгенде құрмет көрсетіп ыстық ықыласпен қарсы алды.



02.10.2025 Ұстаздар күніне орай «Ұстаз еңбегі- ел ертеңі» атты мерекелік іс-шара өтті. Оқушылардың бастауымен ән, би,көріністер қойылды.Зейнеткер ұстаздар шақырылды. Ұстаздардың барлығына гүл шоқтары таратылды. Сол күні ұстаздарды есік алдынан шарлармен тосып алып, құттықтау открыткалар таратылды. Мерекелік концерт ұстаздарға өте жақсы көңіл күй сыйлады. Оқушылар да өз өнерлеріне дән риза болды.



06.10.25 Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



Ұжыммен «Таза Қазақстан» атты челленджге қатысып, мектеп ауласын тазалауға шықты. Оқушыларды үлкенді сыйлауға, құрметтеуге, тазалыққа шақыру мақсатында және басқа біреудің еңбегін құрметтеуге үйрету.



Қарттар күніне орай тимуровшылар қарттар үйлеріне барып, ауласын жапырақтан тазалады. Үлкенді сыйлауға, құрмет тұтуға, қамқоршы болуға шақыру. Қарттар оқушыларға ризашылықтарын білдіріп алғыстарын айтты.



Әр дүйсенбі сайын әнұран орындалады, оқушыларды патриоттық сезімге баулу мақсатында. Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу мақсатында.



Таңғы жаттығу жасау оқушылардың өзін-өзі сергек сезіну және әрқайсысының денсаулықтарының жақсаруы, сымбатты болып өсу мақсатында. Оқушылар жаттығуды қызыға орындайды.



Мектепте жылдағыдай Алтын күз мерекесі өтті. Күздің кереметтерінен көрме ұйымдастыру «Күз мерейі» атты көрме сайыс 0-4 сынып оқушылары арасында өтті. Бастауыш сынып оқушыларының мұғалімдері мен ата-аналарының көмегімен өте керемет, әрі қызықты кеш болды. Бірінші сынып «Бас жүлде», төртінші сынып 1-орын, екінші-үшінші сынып 2-орынға ие болды. Дайындық тобы да 2- орынға ие болды. Күзге байланысты көрініс, өнер көрсету, сән көрсету сайыстарына ұстаздар сыныпты өте жақсы дайындаған. Кештен көрермендер тамаша әсермен тарасты.



Күзгі бал іс-шара өткізу «Алтын күз» атты сайыс 5-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. Осы орайда жылда дәстүрлі мерекеге айналған күзгі байлығымызды дәріптеу, алтын күзімізді мерекелеу мақсатында, оқушыларды ырыс, берекемізді құрметтеу мақсатында сайыс өтті. Сайыста оқушыларды марапаттауда таңдау жасау өте қиын болды, себебі барлық сынып өнерлері бірінен-бірі асқан болды. Күзгі кеш өте жақсы өтті. Кеш соңынан би кеші болды.



Спорттық ұлттық ойындар ойналып, спорттық сайыстар өтті. Тағызқұмалақ сайысы және «Бес асық» ойыны өтті. Оқушылар өзіміздің ұлттық ойындарымызды білсін деген мақсатта. Оқушылар қызығушылықпен қатысып өте тамаша көрініс болды.




Республика күніне орай Мемлекеттік гимнді жаппай орындау челленджі өтті.



Республика күні аясында бастауыш сынып оқушылар арасында Туымызды құрметтеу негізінде «Менің Қазақстан» тақырыбында челлендж өтті.



Республика күніне орай «МЕНІҢ РЕСПУБЛИКАМ ҚАЗАҚСТАН» атты жоғарғы сынып оқушыларымен көңілді челлендж өтті. Оқушылардың бойында патриоттық сезім ояту мақсатында.



Мектеп директоры:

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to G.A. Sadvoaksova.

Садвокасова Г.А.

Орындаған: ДТІЖО Боканова.А.С

